

1989 жылы Мұхтар Шахановтың Кремль мінберінен көтеріліс шындығын ашық айтып, әділетті талап етуі - Марат Хамитов сияқты мыңдаған жасқа рухани дем беріп, Желтоқсан құрбандарының дауысы ақыры естілеріне сенім ұялатты. Бұл - Желтоқсан оқиғасының тарихи маңызын арттырған, тәуелсіздікке қарай жасалған үлкен қадамдардың бірі болды.

Осылайша, Марат Хамитовтың әңгімесі - Желтоқсан көтерілісінің тек тарихтағы оқиға емес, халық жадында сақталған рухани серпіліс екенін көрсетеді. Бұл естелік ұлттың бостандығы жолында жанын қиған боздақтардың ерлігін, олардың күресінің бекер болмағанын дәлелдейді. Желтоқсан - тәуелсіз Қазақстанның рухани іргетасына айналған, ұрпақ санасын оятқан ерлік пен намыстың символы.

Қорыта келгенде, Желтоқсан оқиғасы - жай ғана жаппай толқу емес, ұлттың рухын оятқан тарихи белес. Марат Хамитов сынды куәгерлердің естеліктері сол кезеңдегі әділетсіздіктің, жүйенің қаталдығының ғана емес, қазақ жастарының өр рухы мен қайсарлығын дәлелдейді. Бұл оқиға ұлт жадында тәуелсіздіктің алғашқы қадамы ретінде мәңгі сақталып, болашақ ұрпаққа ерлік пен намыс сабақтастығын ұқтыратын рухани мұра болып қала береді. Жоқ батырларымызды жоқтап, еске алып отырғанымыз жөн ақ. Бірақ тірі батырларымызды бар кезінде бағалап, бар тұлғаларымыздың батырлық келбетін танытып, насихаттауымыз керек. Егерде қазір тірі тарих адамдар тұрғанда, тарихымызды реттемесек, жалған тарихқа сеніп жүре беруімізге мәжбүр боламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Қойгелдиев М. Тәуелсіздікке жету жолындағы күрес. - Алматы: Қазақ университеті, 2012. - 214 б.
- 2 Омарбеков Т. Қазақ елінің қасіреті мен тағдыры. - Алматы: Санат, 1997. - 318 б.
- 3 Есмағамбетұлы М. Желтоқсан ызғары. - Алматы: Ақиқат, 2006. - 223 б.

РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫ ОТАРЛАУ САЯСАТЫ: ТАРИХЫ, МЕХАНИЗМДЕРІ ЖӘНЕ САЛДАРЫ

Сакенов С.Е.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к қауымдастырылған профессор Шалгимбеков А.Б.,
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті КеАҚ
sakenovse@gmail.com
Қостанай қ.

Ресей империясының Қазақстанды отарлау үдерісі - Орталық Азия тарихындағы маңызды кезеңдердің бірі. Бұл үдеріс аймақтың саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына айтарлықтай ықпал етті. Отарлау саясатының жүргізілу механизмдері, шекаралық аймақтардағы әскери бекіністердің рөлі және қазақ қоғамына тигізген әсері жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

Ресей империясының Қазақстан аумағын отарлау саясатын кешенді түрде талдау қажет. Империялық биліктің стратегиялық мақсаттары, территориялық кеңею әдістері және әкімшілік басқару жүйесі қазақ халқының дәстүрлі өмір салтына елеулі өзгерістер әкелді. Сонымен қатар, бүгінгі таңда тарихи жад пен ұлттық сана-сезімнің қалыптасуы тұрғысынан бұл тақырыптың маңыздылығы арта түсуде.

Қазақстанның Ресей империясының қосылуына ұзақ уақыт бойы экономикалық және саяси байланыстар әсер етті. М.К. Қозыбаев барлық еңбектерінде отарлау саясаты агрессивті түрде өткені жөнінде жазған. Академик Қазақстанды отарлау саясатының басталуы Ермақтың Сібірді жаулап алуынан бастауын алды деп есептейді: «Сібірді жаулап алу туралы шындық тарихымыздың проблемаларының бірі. Бұл тақырып қиын, әрі ыңғайсыз, өйткені ол өткеннен бастап бүгінгі халықтар қарым - қатынасына көлеңке түсіреді, бұл түсіндіруді қажет етеді». Автор әрі қарай былай деп жазады: «осыған байланысты проблемалардың күрделі кешенін зерттегенде, объективті және ерікті түрде Ресей империясының құрамына кіруді және аумақтың бір бөлігін күштеп қосуды көрсете отырып, ақиқат талабына сүйену керек». Сібір хандығы мен Көшім ханның қазақ территорияларына иелік етуін қарастырған автор Ресей империясы өлкенің халқына қарсы белсенді жаулап алу саясатын жүргізді деп болжады. Кейіннен республикалық мерзімді басылымдардың беттерінде автор Ресейдің қазақ даласына қарсы агрессивті саясат жүргізуі жөнінде бірнеше рет жазып кеткен болатын [1, с. 58].

Сібір тарихын алғашқылардың бірі болып хатқа түсірген С.У. Ремезовтің еңбектері айрықша құндылыққа ие. Оның жазбаларынан біз қазақ тайпаларының солтүстіктегі қоныстану аймақтары

туралы маңызды мағлұматтарды табамыз. Ғалымның «Үлкен сызба кітабы» («Книга большому чертежу») атты еңбегінде Есіл, Ертіс және Тобыл өзендерінің төменгі ағысында орналасқан орыс қоныстары мен қорғаныс құрылыстары егжей-тегжейлі сипатталынған. Аталған бекіністер кейіннен XVI-XVIII ғасырларда империяның Сібір, Алтай және Қазақстан бағытындағы әскери экспансиясын жүзеге асыруда стратегиялық тірек пункттеріне айналып, шекаралық шептердің іргетасын қалады [2].

Отарлау саясаты басталмас бұрын да Қазақ хандары мен Ресей патшалары хат алмасып, байланыс орнатып отырған болатын. Алғашқы қазақ - орыс қатынастары XVI ғасырдың соңында орнатылды [3, 3-5 б.]. Алайда, XVI - XVII ғасырлар аралығында Мәскеу князьдігінде де және Қазақ хандығында да таққа талас басталып, екі тараптын дипломатиялық қатынастары саябырланды. Бірақ XVI ғасырдың соңында Мәскеу князьдігінің Қазақстанға деген қызығушылығы артады, бұның себебі Ресей мен Хиуа және Бұхараның саяси, сауда қатынастарының орнатылуы болатын. Осы арада Қазақ даласы арқылы ресейліктердің Орта Азиядағы өндірістік орталықтарымен транзиттік саудасы өтті. Петр I - нің Қазақстанды Азияға шығатын «кілтпен қақпа» деп тануы да осыған орай болуы бек мүмкін.

Дипломатиялық келіссөздердің ресми түрде жаңдануы тек 1716 жылы болды. Бұл жолы қазақ ханы Қайып хан Петр I - ға елшілік жіберіп Ресеймен әскери одақ болуға ұсыныс жолдаған болатын. Бұл ұсынысты Петр I қазақтардың Ресей құрамына қосылуға ниетті деп түсінді. Саяси ахуалға байланысты келіссөздер баяу жүрді. Жүріп жатқан келіссөздердің басты тақырыптары: тұтқынқа түскен жауынгерлерді алмастыру рәсімі, қазақтар мен сол уақытта Ресей империясының бодандары болған қалмақтар, орал және сібір казактары және башқұрттар арасындағы кикілжіндер, әскери қақтығыстарды реттеу, сонымен қатар Кіші жүз бен Орта жүз қазақтарымен сауда саттық байланыстарын орнату болды [4, с. 111].

Отарлық саясатты ілгері дамыту үшін XVIII ғасырдың бірінші жартысында С.У. Ремезовтың еңбегінде аталынып өткен бекіністер салынған болатын. Батыс Сібірде, Еділде, Оралдың оңтүстігінде салынған бекіністер далаға отарлық саясатты ары қарай жүргізу үшін бастапқы нүктелері болды. XVIII ғасырдың басында патшалық билік пен орыс көпестері шығыстағы бекіністерді нығайту шараларын қайта жандандыра бастады. Бұл бағытта Ертіс өзенінің жоғарғы ағысынан бастап Тара қаласына дейінгі кең аумақты қамтитын өзен бойындағы қорғаныс шептері негізгі рөл атқарды. Шығысқа қарай отарлау қозғалысының қарқын алуына әртүрлі факторлар ықпал етті. Жайық шебінің белсенді кеңеюі де осы шығыс бағытындағы жоспарлардың бір бөлігі болды, ал Гурьев қалашығы Ресейдің сауда-экономикалық мүдделерін қорғауға қызмет етті [5, с. 47].

Орта Азия иеліктерінен, Шығыс Түркістаннан және Оңтүстік-батыс Сібірден орыс қалаларына оралған саудагерлер, дипломатиялық миссиялар мүшелері, саяхатшылар мен жер көріп, ел аралауға құмар жандар Ертістің арғы бетіндегі «азиялық елдер» туралы жиі аңызға бергісіз деректер жеткізетін. Ресейдің шығысқа бағытталған экспансиялық саясатын күшейтуге Еркети қаласындағы (қазіргі Жаркент) «алтын араласқан топырақ» туралы тараған әңгімелер айтарлықтай ықпал етті [6, с. 52].

Ресей қол жеткізген иеліктерден айырылып қалмау қажеттілігі, Орталық Азия елдерімен сауда байланыстарын нығайту және елдің табиғи ресурстарға, әсіресе алтынға деген өсіп келе жатқан сұранысы Петербург сарайын стратегиялық маңызы зор аумақтарды иемдену немесе игеру жоспарларын күшейтуге итермеледі. Бұл уақытта аймақта өз күшіне жеткен Жоңғар хандығы мен ішкі қайшылықтардан әлсіреген қазақ хандықтарының мүдделері арасында қақтығыстар жиі орын алып жатты.

Үндістан мен Қытайға ең қысқа жол табуды көздеген I Петр тұсында Ертіс өзенінің жоғарғы жағындағы аумақтарды игеру жоспарының қарқыны артты. Сонымен қатар, Ресей ұзаққа созылған Швециямен соғыстан туындаған қаржылық қиындықтарға тап болып, ішкі реформаларын жүзеге асыру үшін айтарлықтай қаражатқа мұқтаж болды [5, с. 79].

А.М. Бекович-Черкасскийдің Каспий арқылы Хиуаға, И.Д. Бухгольцтің Ертіс бойынша әскери экспедициялары, ары қарай қазақ жеріне енуіне және жайлауларды қоршауына бастау болды. И.Д. Бухгольц пен серіктерінің экспедициясында Жәміш (1716), Омбы (1716), Железинск (1717), Семей (1718) бекіністері салынды. Кейінірек И.М. Лихаревтің бастауымен Өскемен (1720) бекінісі қаланды. Осылайша, Орта жүз жерлері Батыс Сібірден Алтайға дейінгі қашықтықта қоршауға алынды. Бұл бекіністер 1730 жылы Сібір және Ертіс шекара шептерінің тұрғызылуына алып келді [1, с. 158].

Сол жылдары Жоңғарияның басқыншылық әрекеттері саяси жағдайды шиеленістіріп, қазақтарға зиян тигізді. Сонымен қатар, әскери тірек базаларын салуға арналған аймақ уақытша ойрат күштерінің бақылауында болды, ал олар өз жетістіктерінен айырылғысы келмеді. Бекіністер салу мүмкіндігі туралы хабарды алғаннан кейін, Кронштадта швед флотымен теңіз шайқасына дайындалып жүрген I Петр 1714 жылғы 22 мамырда «Святая Наталья» галерасында «Алтынға бай жерлерді иелену

үшін подполковник Иван Дмитриевич Бухгольц басқарған экспедицияны жабдықтау туралы» жарлыққа өзі қол қойды [7, 151 б.].

I Петрдің Бухгольцке арналған арнайы жарлығында келесі нұсқаулар берілді: «Тобылға жетіп, сол жерден губернатордан 1500 әскери адамды алып, олармен бірге Ямышев көліне бару қажет. Ол жерде бекініс тұрғызып, аталған адамдарды жаңа бекініс пен оның айналасына орналастыру керек, сондай-ақ қыстау мүмкіндігі болатын орындарға жайғастыру қажет. Келесі көктемде сол күштерді жинап, Ямышевке және Еркетіге барасындар. Сонымен қатар, өзендер маңындағы кейбір жерлерде бекіністер салу қажет... Сондай - ақ Дария өзені бойындағы тұрғындардың алтынды қай жерлерден және қалай өндіретінін мұқият анықтаңдар. Осы мақсатта шведтер арасынан минералдар жөнінде білімі бар бірнеше адам табу керек».

Бұл патша жарлығының түпнұсқасы бірнеше редакцияда қайта басылып шыққан. Ертіс өңіріндегі шептердің құрылысын ұйымдастыру осы жарлыққа негізделді, ал бекіністер салу жұмыстары 1714 жылдан 1720 жылға дейін жалғасты [7, 151 б.].

Әскери - дипломатиялық дайындықтан өткен соң, 1715 жылдың шілдесінде И.Д. Бухгольц отряды жолға шықты. Сол жылдың 1 қазанында экспедиция Ямышев көліне жетті. Нақ осы жерде Ямышев атаулы бекініс салынды. Бұл іс - шараға Цеван - Рабтан қарсы болды. Ол бұл жағдайды тоқтату үшін 10000 әскермен өзінің немере інісі Церен - Дондобты аттандырды. Бекініс ұзақ уақыт бойы қоршауға алынды. Ойраттар бекіністен кетуді талап еткен болатын. Алайда, Иван Дмитриевич Бухгольц болса бекіністі тастамады. И.Д. Бухгольц I Петрге бұл туралы бірнеше хат жолдаған да болатын. Осы кезде М.П.Гагарин мен И.Д. Бухгольц арасында алауыздық барған сайын көбейе берді. Нәтижесінде екіншісі Петербургке оралды.

Ертіс бойында жаңа бекіністер салу үшін М.П.Гагарин Павел Северский мен Василий Чередовты жіберді. Олар Железинск пен Колбасин бекіністерін салды. Чередов отряды болса одан әрі жүріп - Семипалат (Семей) бекінісін салды.

Қазақ - ойрат қатынастары ушыққан сайын, Зайсан көліне қарай экспедициялар да көбейді. Осы кезде И.М. Лихарев басқарған экспедиция дайындалды. Оның алдына Зайсанды зерттеу, «алтын құмды» тауып алу мақсаттары қойылды. Сонымен қоса, И.Д. Бухгольцтің экспедициясының сәтсіздікке ұшырау себебін анықтау тапсырылды. Осы жерден біз I Петрдің Орта Азияны бағындыруға аса қатты мән бергенін байқаймыз [8, с. 18 - 19].

И.М. Лихарев экспедициясы 1719-1720 жылдардың ұзаққа созылған қыс айларының кесірінен тежелді. Нақтырақ айтатын болсақ экспедицияға дайындық шаралары ауа райына тәуелді болды. Қажетті азық-түлік, оқ-дәрі және әскер күшін алыс жолда жеткізу өте баяу жүрді. Соған қарамастан, 1720 жылдың көктемі бастала салысымен, мұздар еріген соң, Лихарев Зайсан көліне жорықты бастауға мүмкіндік алды. Архив деректеріне сүйенер болсақ, 8 мамырда ол Сенатқа Тобылдан 189 адамды ертіп, үш жеңіл кемемен жолға шыққанын хабарлаған екен [10].

Жаз мезгілінде өзен деңгейі төмен болғандықтан, И.М. Лихарев жасағы Семипалатинск бекінісінен Зайсанға дейін қайықтармен жетті. Экспедиция құрамында 440 адам, 34 қайық, 13 зеңбірек және 6 мортира болған [11].

Қалдан Сереннің басқаруымен келген жоңғар жасақтары тамыз айында экспедицияға шабуыл жасады. Қақтығыстар үш күнге жалғасып, үш күннен соң тараптар келіссөзге келді, нәтижесінде екі тарап қақтығысты тоқтатты. Осы кезде Ресей тарапы өзеннің бастауын анықтау және рудалы аймақтарды зерттеу мақсатында жүргенін түсіндірген болатын [12]. Бұл іс-шаралар болашақтағы оқиғалардың іргетасы еді

Жаз мезгілі және қолайлы ауа райы аяқталып қалғандықтан экспедицияға, кері қайту қажет болды. Ертіс өзені Алтай тауынан жазыққа шығар тұста бекініс салуға шешім қабылданды [13]. 12-17 тамыз аралығында Үлбі өзені құяр жерде Өскемен бекінісінің құрылысы басталды. Бекініс жерден жасалған биік дуалмен қоршалған төртбұрыш түрінде салынып, ішкі бөлігіне жерге қағылған ұзын, үшкір ағаш қазықтан жасалған қоршау қойылды [14].

Экспедициядан кейін И.М. Лихарев Сенатқа Ертіс бойындағы бекіністердің картасын тапсырып, 1721 жылдың 3 қаңтарында жаңа гарнизондардың жағдайы туралы толық есеп берді. Оның мәліметтері кейін Бухгольцті ақтап шығуға негіз болды [15]. Бұл экспедиция Ертістің жоғарғы ағысын, Зайсан көлі мен Алтай өңірін зерттеуде, пайдалы қазбаларды іздеуде, сондай-ақ аймақтың картографиясын нақтылауда айтарлықтай рөл атқарды. Жалпы алғанда И.М. Лихарев экспедициясы сәтті өтті, әрі алдына қойылған мақсаттарды орындай алды.

1740 жылға қарай Орта жүздің Ресей бодандығын қабылдауының нығаюына байланысты, Солтүстік Қазақстан өңіріндегі шекаралық бекіністердің жағдайы стратегиялық маңызға ие болды. Тобыл мен Ертіс аралығындағы қорғаныс шебі түзу сызық бойымен емес, ирелендеп созылып, кейбір

учаскелері солтүстікке қарай тым ішкерілеп кеткен еді. Ал шептің екі шеті керісінше оңтүстікке қарай шығыңқы орналасты. Бекіністердің біркелкі орналаспауы мен қорғаныс қабілетінің әлсіздігінен бөлек, Есіл шөбінде күрделі әлеуметтік-экономикалық мәселе туындады. Орыс қоныстанушыларының егістіктері мен кәсіпшілік жерлері қорғаныс сызығынан тыс, оңтүстік аймақтарда қалып қойды. Бұл жағдай егін егу мен жинау науқаны кезінде шаруаларды қорғау үшін қосымша әскери жасақтарды бөлуді қажет етті [9, 208-210 бб.].

Отарлау үдерісі қазақ қоғамына үлкен өзгерістер әкелді. Бір жағынан, Ресей империясы қазақ жерін бақылауға алып, сауда қатынастарын кеңейтті, ал екінші жағынан, бұл процесс қазақ халқының дәстүрлі көшпелі өмір салты мен саяси дербестігіне үлкен әсер етті. Жергілікті халықтың қарсылығы мен азаттық үшін күресі күшейді, әсіресе Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісі осы саясатқа қарсы жауап болды.

Қорытындылай келе, Ресей империясының отарлау саясаты тек әскери жаулап алумен шектелмей, сонымен қатар әлеуметтік, экономикалық және саяси ықпал ету құралдары арқылы жүзеге асырылды. Бұл үдеріс қазақ халқының тарихында маңызды із қалдырып, кейінгі ғасырлардағы саяси және мәдени дамуына ықпал етті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Козыбаев М.К. Актуальные проблемы изучения Отечественной истории // В кн.: Қазақтар шет шетел әдебиетінде. - Алматы: Атамұра - Қазақстан, 1994. - 240 б.
2. Ремезовская летопись: летопись Сибирская: исследование, текст и перевод: науч.-справ. - Тобольск: Возрождение Тобольска, 2006. - 167 с.
3. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках. (Документы и материалы). Документ №16. А., Алма-Ата, 1961, 702 с.
4. История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков: научное издание. Т.2. Журналы и служебные записки дипломата А.И.Тевкелева по истории и этнографии Казахстана (1731-1759гг.) / Сост. И.В.Ерофеевой. - Алматы: Дайк-Пресс, 2005. - 484 с.
5. Гуревич Б. П. Международные отношения в Центральной Азии в XVII - первой половине XIX вв. М., 1979, 334 б.
6. Златкин И.Я. История Джунгарского ханства. 1635 - 1758 жж. (Второе издание). М., 1983
7. История Казахстана с древнейших времен до наших дней : в пяти томах ; Редкол.: Козыбаев М.К.; Алдажуманов К.С.; Асылбеков М.Х.; Касымбаев Ж.К.- Алма-Ата : Атамұра , Том 3. . Казахстан в новое время- 768 с., илл. и карты
8. Бекмаханов Е.Б. Присоединение Казахстана к России. - М.: АН СССР, 1957. - 342 с.
9. ЦГАДА, ф.248, оп.7, д.373, л.242
10. ЦГАДА, ф.196, оп.1, д.1543, л.201-205; ЦГВИА, ф.343, оп.1, д.83, л.130-132
11. ЦГАДА, ф.196, оп.1, д.1543, л.204
12. ЦГАДА, ф.196, оп.1, д.1543, л.204
13. ЦГАДА, ф.196, оп.1, д.1543, л.204; ЦГВИА, ф.343, оп.1, д.83, л.130
14. ЦГАДА, ф.248, оп.7, д.373, л.453-454, 464-465
15. Горбань Н.В. Из истории строительства крепостей на юге Западной Сибири // Вопросы географии: сб. 31. - М., 1953. - С. 220 - 241.

ШОҚАН УӘЛИХАНОВТЫҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯЛАРЫН ТАЛДАУ

Саттарова Д.О.

Ғылыми жетекші: Қоскеева Ә.М.

С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ қауым. проф. м.а., PhD доктор.

koskeeva@mail.ru

Астана қаласы, Қазақстан

XIX ғасырдың екінші жартысы қазақ халқының тарихында ғылым мен ағартушылық дамыған кезең болды. Бұл дәуірде қазақ қоғамының әлеуметтік, мәдени және тарихи өмірін зерттеуде Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың орны ерекше. Енді осы дана тұлғаға тоқталсақ. Қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов - Құсмұрын бекінісінің ескі жұрты, қазіргі Қостанай облысында